



КІРПІШ ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Кызылорда қаласының Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойы аясында «Кызылорда Саз-М» серіктестігінің заманауи кірпіш зауытының ашылу рәсімі өтті. Рәсімге ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенюв, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев және зиялы қауым өкілдері, өңір кәсіпкерлері арнайы қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды заманауи кірпіш зауытының ашылуымен құттықтап, өңірдің өнеркәсіп саласындағы жұмыстарға тоқталды.

«Біз аймағымыздың экономикасын әртараптандыру арқылы жоғары өнімді, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес өңдеу өнеркәсібін құруға бағытталған жұмыстарды кезең-кезеңімен атқарудамыз. Бұл бағытта алдағы бесжылдықта құны 2 трлн.

теңгені құрайтын 89 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 11 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашу көзделуде. Биыл 27 жобаның іске қосылуы жоспарланған. Оның ішінде түрік инвесторы «Акса Энерджи» компаниясының жаңа жылу-электр орталығы, қазір ашылатын заманауи кірпіш зауыты, қиыршық тас, айна өндірістері бар. Өндірісті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында құны 553 млрд. 600 млн. теңгені құрайтын 14 жобаның

құрылысы басталуда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жергілікті өнім өндірушілердің құрылыс материалдарының әлеуетін барынша пайдалану маңызды. Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қолдайды», – деген болатын.

Өткен жылдың қараша айында іргесі қаланған кірпіш зауытының құрылыс жұмыстары қысқа мерзімде аяқталып, бүгін алғашқы өнімін шығаруда. Баршаңызды облысымыз үшін индустриялық, әлеуметтік, экологиялық тұрғыда тиімді жоба – заманауи кірпіш зауытының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздегі ең ірі кірпіш зауыттарының бірі облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, құрылыс нысандарының сапасын арттыруға зор үлес қосалы деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Салтанатты шарада ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нұралыұлы, Парламент Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетұлы, Мұрат Абдуламитұлы құттықтау сөз сөйледі. Зауыт құрылысына атсалысқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Айта кету керек, қараша айында құрылысы басталған «Кызылорда Саз-М» кірпіш зауыты қысқа мерзімде іске қосылып, алғашқы өнімін шығарды. Жобаға 5 млрд. теңге инвестиция тартылып, 7 гектар жер телімі бөлінді.

Зауыттың басты ерекшелігі – өндіріс процесі толық автоматтандырылған. Экологиялық жағынан да тиімді, яғни басқа кірпіш зауыттарындағыдай көмірмен күйдірмейді. Жаңа технологиялар өндірістің тиімділігін арттырып, өнім сапасын жоғары деңгейде сақтауға мүмкіндік береді. Жылына 90 миллион кірпіш өндіруге есептелген кәсіпорын толық іске қосылғанда 70 адамды тұрақты жұмыспен қамтиды.



ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНЫҢ КАПСУЛАСЫ САЛЫНДЫ

Кызылорда қаласында «With You Kyzylorda» ЖШС қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және қадеге жарату зауытының капсуласын салу рәсімі өтті. Аймақ басшысы зауыт құрылысына сәттілік тілеп, өңірде экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған бастамаларды атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу тапсырмасына сәйкес облысымызда 96 млрд. 100 млн. теңгеге 10 жоба жүзеге асырылуда. Қалдықтарды басқару саласына шетелдік инвестициялар мен озық технологиялар тартуда. Кызылорда қаласында халықаралық компаниялардың қатысуымен 2 ірі жоба бойынша жұмыс басталды. Соның бірі – шыны зауыты жанынан неміс технологиясымен 60 млрд. теңгеге жылына 240 млн. шыны ыдыс шығаратын зауыт жобасы.

Бұл республикадан жиналған шыны қалдықтарынан жоғары сапалы отандық өнім шығарып, импортты алмастыруға мүмкіндік береді. Бүгін құны 34 млрд. 500 млн. теңге болатын, Оңтүстік Корея технологиясына негізделген қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және қадеге жарату зауытының іргетасы қалануда. Алғашқы кезеңде 9 млрд. 535 млн. теңгеге қолданыстағы полигон жаңғыртылып, қуаттылығы жылына 300 мың тоннаға есептелген заманауи қалдықтарды сұрыптау кешені салынады. Кешен заманауи қондырғылар, арнайы техникалармен жабдықталып, полигонның қабылдау қуаттылығы 60 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін артпақ.

Қоршаған ортаны қорғау – бұл тек билік пен ұйымдардың ғана емес, керісінше әрбір азаматтың жауапкершілігінен басталатын іс. Өркениетті қоғамда өз қоқыстарын сұрыптау, саналы тұтыну, тазалық акцияларына қатысу тұрғындардың күнделікті әдетіне айналуы тиіс. Экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған байыпты бастамаларымыз нәтижелі болғай!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.



БАЙҚАУ ӨТТІ

«Өнер орталығында» «Қазақстанның үздік тауары – 2025» көрме байқауы өтті. Аймақ басшысы конкурста қатысушыларды құттықтап, өңірдің өңдеу өнеркәсібі саласындағы жұмыстарға тоқталды.

«Соңғы жылдары Кызылорда облысында өңдеу өнеркәсібі 18,2%-ға артып, өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 21%-дан асты. Жылына 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылуда. Бүгінде 65 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасайды. Мұнда 121 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Кәсіпкерлерге қайтарымсыз гранттардан бастап, жеңілдетілген несиелер мен мемлекеттік субсидиялар беру арқылы инвестициялық, қаржылық, инфрақұрылымдық қолдау көрсетілуде. Биыл жеке кәсіпкерлікті қолдаудың барлық көзінен 30 млрд. теңгеден астам қаржы қарастырылды.

Мемлекет басшымыз экономиканың нақты секторын кедергісіз несиелендіру мақсатында бизнес субъектілерінің қарыздарына кепілдік беру жүйесін енгізуді көздейтін заңнамалық актіге қол қойды. Бұл – кәсіпкерлерге үлкен қолдау! Енді бизнес өкілдерінің екінші деңгейдегі банктерге кепіл ұсыну мүмкіндігі болмаса, оған арнайы кепілдік қорының қаржыландыруы арқылы қол жеткізе алады. Баршаңызды алдағы уақытта да өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына аянбай еңбек етуге, мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысуға шақырамыз. Аймақтық конкурстың жеңімпаздары республикалық байқауда үздіктер қатарынан көрініп, Сыр өңірінің мерейін үстем етеді деп сенеміз!», – деді Н.Нәлібаев.

Байқауға экономиканың түрлі саласынан 67 тауар өндіруші қатысты. Сарапшылардың бағалауы бойынша 9 жеңімпаз іріктеліп, марапат иелеріне ноутбук сыйға берілді.

«Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша тыңайтқыш өндірісі саласындағы «Агрохимсервис», цемент өндірісіндегі «Компания Гежуба Шиели Цемент» және шыны өнімдерін шығаратын «Орда Гласс ЛТД» серіктестіктері жеңімпаз атанды.

«Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша «Асыл дән LTD», «Таң LTD» күріш өндіруші серіктестіктері, «Эль Барақат Дистрибушн» жартылай фабрика өндіруші серіктестігі марапатқа ие болды. «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясын «Панабек», «Сыр жинауы KZ», «Арт-групп Сервис» серіктестіктері жеңіп алды. Іс-шара концерттік бағдарламаға ұласты.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлігі қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661; 8-7716933181.



МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛ – ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН ҰЛЫ КҮШ

Мәдениет адам қолымен жасалатын материалдық құндылық болса, тіл – ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі. Яғни, тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны. Сондықтан мәдениет мәселесін маздатып, тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі саналады.

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тәжмаханов биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмыстар бойынша егжей-тегжейлі айтып берді.

– Қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелерде құжат айналымы 100% мемлекеттік тілде жүргізіліп келеді. Бүгінде тарихи-мәдени мұра бойынша 85 нысан мемлекет қорғауында, биыл 8 ескерткіштің қорғау аймағы анықталды. Ономастика саласына келсек, қала аумағындағы 1279 көше атауы нақтыланған. Үстіміздегі жылы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығына орай 31 ұсыныс пен 7 тарихи тұлға атауы республикалық ономастика комиссиясына ұсынылды. Қазіргі таңда QR-кодпен жабдықталған жаңа көше анықталғанын орнату жұмыстары жүргізілуде. Мәдениет үйлері мен клубтар, кітапхана, музей жүйесінде тиісті міндеттер толық орындалуда. Солардың ішінде Жастар театры репертуары 13 қойылымға жетті, оның 4-еуі жаңа премьералар. Жалпы, мәдениет пен тіл – ұлтты ұйыстыратын ұлы күш десек, бұл бағытта бөлім тарапынан жарты жыл ішінде 525 іс-шара өткізіліп, оған 130 391 көрермен қамтылды, – деді Жағыпар Айтбайұлы.

Айта кету керек, қалалық мәдени-демалыс паркінде қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, скейтпарк, аттракциондар, амфитеатр, воркаут алаңы, су бұрқақтар, түрлі бақтар және т.б. нысандар іске қосылды.



ФОРУМНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ПЛЕНАРЛЫҚ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

«Өнер орталығында» «Қазақстан Ұлттық Урбан Форумы 2025 - Қызылорда» форумының қорытынды пленарлық сессиясы өтті.

Оған Біріккен Ұлттар Ұйымының UN-Habitat Ұйымы, БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев қатысты. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы форумның маңыздылығына тоқталып, барша қапысушыларға алғысын білдірді.

«Кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қалалардың өркендеуімен тікелей байланысты. Ал, оған әсер ететін бірден-бір фактор – урбандалу процесі. Тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыру, жайлы кеңістік қалыптастыру, экологиялық таза орта құру, инфрақұрылымды тұрақты жаңғырту, қалаларды жаңа технологиялардың көмегімен басқару – біздің алдымыздағы маңызды міндеттер. Бұл ретте тиімді басқару мен дұрыс жобалаудың нәтижесінде ғана тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізе аламыз.

Форум – өңірлердің тұрақты дамуына оң серпін берудегі, урбанистика саласын жаңа деңгейге шығарудағы, ортақ мақсаттарға қол жеткізудегі маңызды қадам. Форумда

айтылған тың идеялар мен мазмұнды ұсыныс-пікірлер алдағы жұмыс барысында тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Форумның бас демеушісі «Казпетрол Групп» компаниясына зор алғысымызды білдіреміз. Тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегі жолындағы әрбір бастамаларыңыз жемісті, қызметтеріңіз нәтижелі болсын! Егемен елімізді бәсекеге қабілетті етуде, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруда Президентіміздің тапсырмаларын жоғары деңгейде орындап, халықтың зор құрметіне бөлене бергейсіздер! Ел іргесі берік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», - деді Н.Нәлбаев.

Қорытынды сессияда ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі, Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты үйлестірушісі өз пікірлерін ортаға салды. UN-Habitat Ұйымының атқарушы директорының орынбасары Рафаэль Туте қорытынды сөз сөйледі. Соңында Қызылорда облысы мен UN-Habitat Ұйымы арасында декларацияға қол қою рәсімі өтті.

АЙМАҚ БАСШЫСЫ БҰҰ ӨКІЛІ САРАНГО РАДНАРАГЧАМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Саранго Раднарагчамен кездесті. Онда өңірдің экологиялық ахуалын жақсарту және Арал теңізін сақтап қалу мәселелері талқыланды.

«2023 жылдың желтоқсанында Дубайда өткен Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитте Мемлекет басшысы Арал теңізі мәселесіне ерекше назар аударып, халықаралық қауымдастықты Аралды құтқару халықаралық қорын қолдауға шақырды. Құм көшкінінің алдын алудың тиімді жолы – жергілікті климатқа бейімделген өсімдіктерді, әсіресе сексеуіл егу. Бүгінде халықаралық қорлардың қолдауымен теңіз табанына сексеуіл егу жұмыстары қарқынды жүруде. Өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі БҰҰ Даму бағдарламасына жалпы



құны 25 миллион АҚШ долларын құрайтын жобалар тізімін ұсынды. Бұл жобалар экология, су және табиғи ресурстарды басқару салаларын қамтиды», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде Саранго Раднарагча

Қызылорда облысымен тығыз әріптестік орнатуға және бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екенін білдірді. Айта кетейік, облыс Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Әсіресе, әлеуметтік жобалар аясында жастардың білімін арттыру, тәжірибе жинақтау мүмкіндіктерін кеңейту бағытында оқыту курстары, тренингтер мен шеберлік сабақтары тұрақты өткізіліп келеді.

МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен мал шаруашылығының дамуы, ветеринариялық бақылау және саланы цифрландыру мәселелері талқыланды. Үкімет отырысы өтті. Оған ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында өңірде мал басы өсіп, өнім көлемі артуда. Өткен жылы Қызылорда қаласында 800 басқа арналған тауарлы-сүт фермасын құруға 3,2 млрд. теңге бөлінді. Биыл 11 млрд. теңгеге екі сүт-тауарлы ферма салу жоспарланған. Өңірде мал азығы дақылдары 73 600 гектарға егілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 400 гектарға артық. Ерте көктемде көлдер жүйесін толтыру арқылы 76 200 гектар жайылымдық, шабындық жер сугарылды. 2025-2026 жылдарға 958 мың тонна табиғи шөп, 192 мың тонна жем және 157 мың тонна сабан дайындау жоспарлануда. Жонышқанын бірінші орымынан 111 300 тонна жиналды. Жаппай шөп дайындау жұмыстары шілде айының екінші жартысынан басталады.

Аса қауіпті 13 жұқпалы мал ауруының алдын алу үшін 6,3 млн. доза ветеринариялық препараттың 4,5 млн. дозасы жеткізілді. Облыс аумағындағы Сібір жарасы көмнделері бақылауда. Ветеринариялық нысандарға қатысты ұсыныстар енгізіліп, биыл 6 жаңа ветпункт салынады. Өткен жылы 7 ветпункт іске қосылды.

БИЫЛ 3300 ГЕКТАР ЖЕРГЕ БАҚША ЕГІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте тұрғындардың өз-өзін бақша дақылдарымен қамтамасыз етуі үшін жер бөлу, пісімшілік кезінде өнімдерін өткізуге жәрдемдесу мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы аудан әкімдеріне, жауапты басқармаларға бақша өнімдерін егуге жер бөлуді жыл сайын ұлғайту, суару жүйелерін жетілдіру және өнімді өткізу тізбегін ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

«Тұрғындардың сұранысын ескеріп, қосымша жер телімдерін анықтау керек. Ауылдық округтерде бос жатқан жерлерді келесі егін маусымында тиімді пайдалану үшін түгендеу жұмыстарын жүргізіңіздер. Егістік жерлерге су жеткізу үшін каналдар мен арықтарды тазалау, жөндеу және қажет болған жағдайда жаңадан қазу қажет», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Айта кету керек, аймақта азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес 2022 жылдан бері жергілікті тұрғындар әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерін ұжымдасып еге бастады.

Биыл облыс бойынша 5 100 отбасыға бақша егу үшін 3 300 гектар жер дайындалды, 866 гектарға картоп, 885 гектарға көкөніс, 1 550 гектарға бақша дақылдары егілді. Өткен жылы 3 179 гектар жер дайындалып, картоп 917 гектарға, көкөніс 817 гектарға, бақша 1 446 гектарға егілген болатын.

Қазір нарықта Жаңақорған қарбызы сұранысқа ие. Биыл Жаңақорған ауданының Ақүй және Жайылма ауылдық округтерінде 1500 гектарға қарбыз егілді. Бүгінде жергілікті дикандар ерте пісетін қарбыз өсірудің барлық әдіс-тәсілін толық меңгерген. Көшетті алдымен ауладағы жылыжайда өсіріп, кейіннен ашық ақпаққа көшіру әдісін қолдануда. Биыл қарбыз ерте пісіп, нарыққа шығарылды. Қазіргі таңда 1500 тоннаға жуық қарбыз сатылып, оның 700 тоннасы көрші Ресейге экспортталды. Қалғаны еліміздің солтүстік өңірлеріне жөнелтілді.

ДОМБЫРА – ДАСТАН



Жыл сайын шілденің алғашқы жексенбісіне дөп келетін, ұлттық аспабымызды ұлықтауға арналған бұл мереке 2018 жылдан бері елімізде кеңінен тойланып келеді. Айтулы датаны сырбойылықтар биыл да айрықша атап өтті. Жылдағы дәстүрмен қала тұрғындары мен қонақтары «Домбыра – дастан» думанында бас қосып, күй күмбірлеп, жыр төгілген саз кешінен естен кетпес рухани әсер алып қайтты.

Концертке мәдениет және руханият жанаһырлары, қоғам қайраткерлері мен зиялы қауым өкілдері және жастар

қатысты. Шарада облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов сөз сөйлеп, бірқатар өнер өкілдерін облыс әкімінің

Алғыс хатымен марапаттады.

Рухани күш-қуат сыйлаған концертте «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Самат Аблаев жетекшілік ететін Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі өнер көрсетіп, халықтық музыка тыңдармандарына тамаша кеш сыйлады.

Ұлттық саз кешіне «Құрмет» орденінің иегері, академик, күйші-композитор Т.Төкенов, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, күйші Ә.Әбдіқов, «Мәдениет қайраткері», «Құрмет» орденінің иегері Ү.Медетов, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері А.Шағдатов, Халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты А.Әбді және «Сыр толқыны» II республикалық күйшілер конкурсының конкурсанттары арнайы қатысып, көрерменнің ыстық ықыласы мен зор қошеметіне бөленді.

Ұлттық Домбыра күні - алты Алаштың рухани мерекесі. Ол бірнеше күнге жалғасып, халық арасында насихатталып жатса, елдігіміздің айғағы. Ал бүгінгі домбыра думаны рухани тамырдан ажырамаған әр қазақ үшін халықтың мәдениеті мен өркениетіне, құндылықтарына, ұлттық байлығына зор құрметтің көрінісі.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КҮЙШІЛЕР БАЙҚАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Қызылорда қаласында Ұлттық Домбыра күні аясында Мырза Токтаболатулының 175 жылдығына арналған «Сыр толқыны» II Республикалық күйшілер конкурсы өтті. Сыр елінде екінші рет өтіп жатқан өнер додасына республикамыздың 10 өңірінен талантты 24 талапкер қатысып, өзара бақ сынады.

Байқауға күй өнерінің танымал шеберлері, күйші-композитор, Құрмағазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, «Құрмет» орденінің иегері, академик Төлепберген Төреәхметұлы, күйші-композитор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерболат Жұмашұлы, Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінің директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Балтабайұлы, күйші, Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінің оқытушысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Әлімжан Нағызханұлы, күйші, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Педагогика және дәстүрлі өнер» институтының оқытушысы, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Алдияр Шағдатұлы қазылық етті.

Қазақстанның әр өңірінде қалыптасқан күйшілік дәстүр мен оны таратып жеткізушілер бас қосқан күйшілер конкурсы Сыр бойы күйлерін қайта жаңғырттып, жергілікті күйші-композиторлардың мұрасын жас жеткіншектерге насихаттау арқылы халқымыздың көне, фольклорлық-этнографиялық домбыра аспабын

менгеруде кәсіби шеберліктеріне ықпал жасау, өнерпаздар қатарын дарынды, жаңа буын өкілдерімен толықтыруға мол мүмкіндік берді.

Байқау қорытындысымен, III орын Ермбет Орынбасаров (Арал ауданы), Мадияр Жасаңбаев (Қармақшы ауданы) және Алтынай Махмұтка (Қарағанды қаласы) бұйырса, Жәнібек Жұмабаев (Маңғыстау облысы) пен Айшолпан Қасымова (Астана) II орын иегері атанды. Жүлделі I орынды Саят Нұрәли (Алматы облысы) қанжығасына байласа, үздіктердің үздігі атанған жерлесіміз Махамбетхан Досымжан Байқаудың Бас жүлдесін жеңіп алды. Өнер аламында қарсыластарынан оқ бойы оза шапқан Серік Асқар (Шымкент қаласы), Әбілжан Тәттімбет (Жамбыл облысы), Көшербай Мұхамеддин (Қызылорда қаласы), Жұмағали Серік (Алматы қаласы) және Кенгесбаева Жұлдызайға (Алматы қаласы) байқаудың арнайы жүлделері табысталды.

Домбыра – халқымыздың рухани болмысының, дүниетанымы мен мәдениетінің алтын дінгеі. Күй – дәстүрлі өнеріміздің күрделі тармағы. Мерейлі мерекеде өткен өнер додасы сан асарлық саралану мен сұрыпталу дәуірінен өткен күйшілік өнердің жаңа толқынын анықтап, жас дарындардың өнерін өрістетуге жол ашты.

ИНСУЛЬТ ЖӘНЕ КАРДИОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Қазалы ауданына жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов Қазалы аудандағы жұмыс сапарында аудандық көп бейінді орталық аурухана жанынан бой көтеріп жатқан 42 төсектік инсульт және кардиология орталығының құрылыс барысымен танысты.

Медициналық нысан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынып жатыр. Жобаның жалпы құны 1,9 млрд теңге. Бас мердігер – «СМП Қызылорда» ЖШС-і. Құрылыстың аяқталуы 2025 жылдың соңына жоспарланған. Халық қалаулысы нысанды аралау барысында жауапты сала басшылары және мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс барысына қатысты нақты міндеттер жүктелді.

«Ауылдық жерлердегі медициналық инфрақұрылымды дамыту басым бағыттардың бірі. Бұл орталық тұрғындарға жоғары деңгейде қызмет көрсетуі керек. Сондықтан ең бастысы – құрылыс уақытында және сапалы аяқталып, халық игілігіне берілуі тиіс», – деді Мархабат Жайымбетұлы.



Айта кетейік, жоба бойынша орталық пайдалануға берілгеннен кейін аудан тұрғындары үшін аса маңызды мәселе болған МРТ құрылғысы орнатылып, инсульт және жүрек-қан тамыр ауруларына қатысты диагностика мен емдеу қызметтері қолжетімді болмақ. Сонымен қатар, тиісті медициналық мамандардың біліктілігін арттыру жұмыстары қолға алынады.



БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ ЖОЛЫНДАҒЫ 30 ЖЫЛ

Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» тақырыбындағы XXVII сессиясы өтті.

Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, қала және аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары, саяси партия филиалдарының жетекшілері, этномәдени бірлестіктердің төрағалары, үкіметтік емес ұйымдар мен облыстық Ассамблея құрылымдарының жетекшілері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, жастар қатысты. Аймақ басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өңірде қолға алынған жұмыстарға тоқталды.

«Ассамблеяның 30 жылдығына «Қазатомпром» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен 3 млрд. 800 млн. теңгеге «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынуда. Сәулетті ғимараттың іргетасын өздерінің бірге 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қалаған болатынбыз. Нысан қараша айында ел игілігіне беріледі. Өздеріңізге белгілі,

өткен 2024 жылды өңірімізде «Руханият жылы» деп жариялап, мәдени-көпшілік шаралармен бірге көптеген ауқымды жобаны жүзеге асырдық. Барлық 7 ауданда ішінде қоғамдық келісім кабинеттері, неке кию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» салынды. Бір мұрат, бір мүдде жолында тынымсыз еңбек ету – баршамыздың азаматтық міндетіміз. Достықты ту еткен, жасампаздық пен өрлеу жолындағы айшықты істеріңіз көпке үлгі бола бергей! Бірлігіміз бекем, тірлігіміз толымды болсын!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сессияда этносаралық келісімді одан әрі нығайтудағы жұмыс бағыты айқындалды. Аймақ басшысы өңірдегі этносаралық жұмыс жоспарын жан-жақты талдап, оның тиімділігін арттыру мақсатында нақты ұсыныстар әзірлеуді және кеңес отырыстарын жүйелі түрде

өткізуді тапсырды. Сонымен бірге, жаңадан бой көтеретін «Достық үйін» туристік бағыттарға қосып, оны бірлік пен ынтымақты насихаттайтын заманауи мәдени-идеологиялық орталыққа айналдыру міндеті қойылды.

Жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбеннов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Дильфура Байрахтарова, «DaRALAce» шығармашылық үйінің негізін қалаушы, «Шапағат» медалінің иегері Светлана Цой, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Журналистер мен сарапшылар клубының мүшесі Айнұр Тұңғышбаева пікір білдірді.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында бірқатар азамат Қазақстан халқы Ассамблеясының мерекелік медалімен, ҚР Президенті Әкімшілігі Ассамблея хатшылығының Алғыс хатымен, сондай-ақ облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды.

«Бейнеу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Бейнеу ауданының әкімдігінің «Акиматсервис» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Бос лауазымның атауы: Бейнеу ауданының әкімдігінің «Акиматсервис» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры
Негізгі қызметі:

Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер орналасқан ғимараттар мен жайларды ұстау, жабықтау, аудандық, ауылдық, ауылдық округ бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдарға көлік қызметін көрсету.

Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелерге көлік қызметін көрсету.

Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелерді жабықтау функциясын орындау (жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдар өткізетін кеңестер, конференциялар және басқада арнайы шараларға қызмет көрсету, сонымен қатар ресми делегациялар мен қонақтарды қабылдау, құту қызметтерін ұйымдастыру).

Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады. Мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді.

Орналасқан жері: 130100, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Досан Тәжіұлы көшесі, 10/1 ғимарат.

Лауазым: Бейнеу ауданының әкімдігінің «Акиматсервис» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры – 1 бірлік

Азаматтық қызметшінің лауазымдық жалақысы:

Категория	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақы (теңге)
A1-3	181 571 бастап 208 470 дейін

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары: Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және басшы лауазымында жұмыс стажы кемінде 5 жыл болуы тиіс.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар:

Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік органдардың кәсіпорынының өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметін реттейтін, экономиканың және экономиканың тиісті саласының, жалпы Қазақстан Республикасының дамуының басым бағыттарын айқындайтын заңнамалық және нормативтік құқықтық актілері, ұйымның техникалық, экономикалық және әлеуметтік даму перспективалары, стратегиясы, басымдықтары, ұйымның қызметіне қатысы бар басқа да органдардың әдістемелік және нормативтік материалдары, ұйымның бейіні, ерекшелігі және құрылымының ерекшелігі, ұйымның өндірістік қуаты мен кадр резерві, ұйымның өнім өндіру технологиясы, салық заңнамасы, ұйымның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметінің бизнес-жоспарларын жасау және келісу тәртібі, ұйымның шаруашылығын жүргізу және басқарудың заманауи әдістері, стратегиялық жоспарлау, нарық – сыртқы және ішкі (өзінің секторы және онымен өзара байланыс) конъюнктура, бәсекелестер, өнім жеткізушілер мен тұтынушылар, ұйымға өзінің нарықтағы жай-күйін айқындауға және жаңа өткізу нарығына шығу бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік беретін экономикалық индикаторлар жүйесі, практикалық маркетинг, жарнама техникасы, сауды басқару, әлеуметтік - еңбек қатынастарын реттеу тәртібі, еңбек заңнамасы, өрт қауіпсіздігінің талаптары.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 25.12.2015ж. №1017 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар:

- 1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);
- 4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсынады.

Азаматтық қызметке түру кезінде, ол адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады. Осы тармақта көзделген қажетті құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдарды) ұсынуға құқылы.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды мына мекен-жайға тапсыру қажет: 130100, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі, 10/1 ғимарат, № 307 кабинет (Персоналды мемлекеттік басқару және қызметі) бөлімі). Құжаттарды қабылдау мерзімі: Сайтқа жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн. Анықтама телефоны: 8 /72932/2-10-36.

Электронды пошта: m.saitmanova@mangystau.gov.kz. Әңгімелесу өткізу орны: 130100, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі, 10/1 ғимарат, 2-кабат.

Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру туралы

«Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік Рәсімдік – Процестік кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №1483-Заңына сәйкес:

1. Ақжар ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың III-тоқсанындағы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
 2. Осы өкім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
- Ақжар ауылдық округінің әкімі Н.Тұрсынбаева
Ақжар ауылдық округі әкімінің
2025 жылғы «__26__» __06__
№__34__ ө/нқ_ өкіміне 1 қосымша

Ақжар ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың III-тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тұрсынбаева Нұржамал Бектайқызы	Ауыл әкімі	сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Ақжар ауылы, Ораз-ахун көшесі, 14 үй	2-70-01
Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-70-01					

СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАРҒА ИЕ БОЛДЫ

Талдықорған қаласында 4-8 шілде аралығында баскетболдан жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында ҚР чемпионаты өтті. Жарыс нәтижесі бойынша Қызылорда облысының құрама командасы үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда:

- 16 жас аралығындағы ұлдар арасында - I орын
- 14 жас аралығындағы қыздар арасында - II орын
- 12 жас аралығындағы қыздар арасында - III орын

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

Астанада ауыр атлетикадан өтіп жатқан жасөспірімдер мен жастар арасындағы Азия чемпионатында Аянат Жұмағали 77 кг салмақ дәрежесінде сәтті өнер көрсетті. Жерлесіміз жүлді қотеру сайысында 95 кг көтеріп, үшінші орын алса, серпе көтеруде 122 кг салмақты өңсеріп, күміс медаль жеңіп алды. Ал қоссайыстың жалпы қорытындысы бойынша 217 кг жинақтап, Азия чемпионатының қола жүлдегер атанды.

СӘУЛЕБЕКОВ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ АЛТЫН ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

Елорда төрінде өтіп жатқан ауыр атлетикадан жасөспірімдер мен жастар арасындағы Азия чемпионатында жерлесіміз, Қазақстан жастар құрамасының өкілі, екі дүркін Әлем чемпионы Ерасыл Сәулебеков 88 кг салмақ дәрежесінде чемпион атанды. Спортшымыз қоссайыс қорытындысы бойынша 344 (153+191) келі жинақтап, жарыста топ жарды.

ДАУ МЕДИАЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ КЕЛУ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Талап қоюшы Байқоңыр қалалық сотына жауапкерден бала үш жасқа толғанға дейін өзінің (жұбайының) асырауына алимент өндіріп алу туралы талап арызбен жүгініп, жауапкер өз еркімен материалдық көмек көрсетпейтінін мәлімдеді. Жауапкерден бала үш жасқа толғанға дейін ай сайын 10 АЕК мөлшерінде алимент өндіріп алуды сұрады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»

Кодекстің 147-бабы негізінде ерлі-зайыптылар бір-бірін материалдық жағынан қолдауға міндетті, ал мұндай қолдаудан бас тартқан және ерлі-зайыптылар арасында алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда, зайыбы жүктілік және ортақ баланың туған күнінен бастап 3 жыл ішінде қаражаты бар жұбайынан сот тәртібімен алимент өндіруді талап етуге құқығы бар делінген.

Татуластыру рәсімдерін өткізу барысында тараптар медиативтік келісім жасасты. Жауапкер талап қоюшыға әр айдың 20-ына дейін, бала үш жасқа толғанға дейін 15 000 теңге мөлшерінде жұбайын асырауға алимент төлеуге міндеттенді. Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Байқоңыр қалалық соты

30 ТӘУЛІККЕ ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Қазалы аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 608-бабының 7-бөлігімен азамат А.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс құжаттарына сай, азамат А. сағат 15:00 шамасында өз басқаруындағы мотоциклік құралын басқару құқығы жоқ адам бола тұра алкогольдік масан күйде тізгіндеп, дәл осы әрекетін бір жыл ішінде қайталап жасаған.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған жауабымен,



сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген. Медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес, жүргізуші жеңіл дәрежелі алкогольді еліту күйінде болған.

Қазалы аудандық сотының қаулысымен А. жасаған құқық бұзушылығы үшін кінәлі деп танылып, оған 30 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалған.

Қазалы аудандық соты

